СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІНІҢ ТІЗІЛІМІ

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:

«Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы» коммуналды мемлекеттік мекемесі

№ р/р	Анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөнінде ұсынымдар	Ұсынымды орындау нысаны	Уәкілетті органның ұстанымы	Орындау мерзімі
1.	Сөз байласу және жосықсыз бәсекелестік тәуекелі	- Сметалық құжаттаманы тексеру және верификациялау үшін АВС бағдарламалық кешенін сатып алу; - сметалық кодтардың негізсіз өзгертілуін анықтау тетігін енгізу; - жауапты қызметкерлердің функционалдық міндеттерін нақтылау; - қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оқыту	1. АВС бағдарламалық кешенін сатып алу туралы қол қойылған шарт; 2. Басқарманың екі маманның АВС бағдарламалық кешені бойынша оқу семинарынан өткізу және оқуды аяқтағаны туралы сертификаттар; 3. Басқарма мамандарының функционалдық міндеттеріне өзгерістер енгізу туралы бұйрық.	Шымкент қаласының мемлекеттік сатып алу басқармасы	2027 жылғы 29 қаңтар
2.	Тапсырыс берушілердің жалған құжаттарды ұсыну және сметалық құжаттаманы бұрмалау тәуекелі.	- ТЖҚ кодтарының сатып алу нысанына сәйкестігін автоматты тексеру жүйесін енгізу; - ТЖҚ кодтарына сәйкес келмейтін әлеуетті өнім берушілерді автоматты түрде шектеу тетігін енгізу; - мемлекеттік ақпараттық жүйелерді уәкілетті дерекқорлармен интеграциялау; - тауар өндірушілер тізілімін тұрақты өзектендіру.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ТЖҚ кодтарын автоматты тексеру жүйесін енгізу, әлеуетті өнім берушілерді автоматты верификациялау тетігін іске қосу және мемлекеттік дерекқорлармен интеграция жүргізу мәселелері бойынша ұсыныс хат жолдау.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	2026 жылғы 31 шілде

3.	Электрондық сауда алаңын (Omarket) пайдалану кезінде формалды рәсімдерді айналып өту және IP-мекенжайлардың сәйкестігі фактілерінің орын алу тәуекелі.	- «Omarket» электрондық дүкенінің жүйесінде форматтық-логикалық бақылауды (ФЛБ) енгізу; - IP-мекенжай сәйкестігін автоматты түрде бақылау тетігін енгізу.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне IP-мекенжайларды автоматты бақылау жүйесін енгізу, форматтық-логикалық бақылауды (ФЛБ) жүзеге асыру, күмәнді операцияларды бұғаттау тетігін іске қосу және электрондық дүкен операторымен бірлескен техникалық регламент әзірлеу жөнінде ұсыныс хат жолдау.	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі	2026 жылғы 31 шілде

Басшы **Б. Ниязбеков**